

**Қазақстан Республикасы Парламенті Сенатының депутаттығына кандидаттардың үгіт-насихат баспа материалдарын орналастыру және сайлаушылармен кездесулер өткізу орындарын белгілеу туралы**

*Күшін жойған*

Нұр-Сұлтан қаласы әкімдігінің 2020 жылғы 30 шілдедегі № 01-1495 қаулысы. Нұр-Сұлтан қаласының Әділет департаментінде 2020 жылғы 4 тамызда № 1282 болып тіркелді. Күші жойылды - Астана қаласы әкімдігінің 2022 жылғы 17 қазандағы № 01-2903 қаулысымен

**Ескерту. Күші жойылды - Астана қаласы әкімдігінің 17.10.2022 № 01-2903 ( алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.**

"Қазақстан Республикасындағы сайлау туралы" 1995 жылғы 28 қыркүйектегі Қазақстан Республикасы Конституциялық заңының 28-бабына сәйкес Нұр-Сұлтан қаласының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Қазақстан Республикасы Парламенті Сенатының депутаттығына кандидаттардың үгіт-насихат баспа материалдарын орналастыру орындары 1-қосымшаға сәйкес белгіленсін.

2. Қазақстан Республикасы Парламенті Сенатының депутаттығына кандидаттарға сайлаушылармен кездесулер өткізу үшін орын-жайлар шарттық негізде 2-қосымшаға сәйкес берілсін.

3. Мыналардың:

1) "Қазақстан Республикасы Парламенті Сенатының депутаттығына кандидаттардың үгіт-насихат баспа материалдарын орналастыру орындарын белгілеу және сайлаушылармен кездесу өткізу үшін орынжайлар беру туралы" Астана қаласы әкімдігінің 2014 жылғы 8 қыркүйектегі № 06-1499 қаулысына ( Нормативтік-құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 841 болып тіркелген, 2014 жылғы 11 қыркүйекте "Астана ақшамы", "Вечерняя Астана" газеттерінде жарияланған);

2) "Қазақстан Республикасы Парламенті Сенатының депутаттығына кандидаттардың үгіт-насихат баспа материалдарын орналастыру орындарын белгілеу және сайлаушылармен кездесу өткізу үшін орынжайлар беру туралы" Астана қаласы әкімдігінің 2014 жылғы 8 қыркүйектегі № 06-1499 қаулысына өзгерістер енгізу туралы" Астана қаласы әкімдігінің 2017 жылғы 2 маусымдағы

№ 104-1155 қаулысының (Нормативтік-құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 1107 болып тіркелген, 2017 жылғы 10 маусымда "Астана ақшамы", "Вечерняя Астана" газеттерінде жарияланған) күші жойылды деп танылсын.

4. "Нұр-Сұлтан қаласы әкімінің аппараты" мемлекеттік мекемесінің басшысы Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіпте:

1) осы қаулының аумақтық әділет органында мемлекеттік тіркелуін;

2) осы қаулының көшірмесін мемлекеттік тіркелген күнінен бастап күнтізбелік он күн ішінде Нұр-Сұлтан қаласының аумағында таратылатын мерзімді баспа басылымдарында ресми жариялау үшін жіберуді;

3) осы қаулы ресми жарияланғаннан кейін Нұр-Сұлтан қаласы әкімдігінің интернет-ресурсында орналастыруды;

4) осы қаулы мемлекеттік тіркелгеннен кейін он жұмыс күні ішінде аумақтық әділет органына осы тармақтың 2), 3) тармақшаларымен көзделген іс-шаралардың орындалуы туралы мәліметтерді ұсынуды қамтамасыз етсін.

5. Осы қаулының орындалуын бақылау Нұр-Сұлтан қаласы әкімінің орынбасары Б.М. Мәкенге жүктелсін.

6. Осы қаулы алғашқы ресми жарияланған күннен бастап қолданысқа енгізіледі.

*Нұр-Сұлтан қаласының әкімі*

*А. Көлгінов*

Нұр-Сұлтан қаласы әкімдігінің  
2020 жылғы 30 шілдесі  
№ 01-1495 қаулысына  
1-қосымша

### **Қазақстан Республикасы Парламенті Сенатының депутаттығына кандидаттардың үгіттеу баспа материалдарын орналастыруға арналған орындар**

Р/с №	Орналастыру орны
Нұр-Сұлтан қаласы "Алматы" ауданы бойынша	
1.	Қажымұқан және А. Петров көшелерінің қиылысы ("Орбита" сауда үйі ауданы)
Нұр-Сұлтан қаласы "Байқоңыр" ауданы бойынша	
2.	Ш. Уәлиханов көшесі мен Абай даңғылының қиылысы ("Жаннұр" сауда үйінің ауданы)
Нұр-Сұлтан қаласы "Есіл" ауданы бойынша	
3.	Мәңгілік Ел даңғылы мен Д. Қонаев көшесінің қиылысы
Нұр-Сұлтан қаласы "Сарыарқа" ауданы бойынша	
4.	Бейбітшілік көшесі, № 9 үйдің ауданы ("Sine Tempore" сауда үйі ауданы)

Нұр-Сұлтан қаласы әкімдігінің  
2020 жылғы 30 шілдесі

**Қазақстан Республикасы Парламенті Сенатының депутаттығына кандидаттардың сайлаушылармен кездесулер өткізу үшін берілетін орын-жайлар**

Р/с №	Орын-жайдың орналасқан жері
Нұр-Сұлтан қаласы "Алматы" ауданы бойынша	
1.	Қ. Сәтбаев көшесі, № 2, Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, акт залы
Нұр-Сұлтан қаласы "Байқоңыр" ауданы бойынша	
2.	А. Бараев көшесі, № 9/2, "Тұран Астана" колледжі, акт залы
Нұр-Сұлтан қаласы "Есіл" ауданы бойынша	
3.	Қабанбай батыр даңғылы, № 53, Қазақстандық Триатлон Федерациясы, мәжіліс залы
Нұр-Сұлтан қаласы "Сарыарқа" ауданы бойынша	
4.	Бейбітшілік көшесі, № 11, Нұр-Сұлтан қаласының мәслихаты, мәжіліс залы